



*«Astana IT University» ЖШС
қатысушылары Жалпы жиналысының
2022 жылғы 30 маусымдағы № 16
хаттамасымен жаңа редакцияда
бекітілген*

**ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯҒА АРНАЛҒАН
БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ**

**2020-2025 жылдарға арналған
«Astana IT University» ЖШС даму стратегиясы**

2-ші кезең – 2022–2025 жылдар

1. АІТУ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Атауы	Цифрлық трансформацияға арналған білім және инновация
Әзірлеу үшін негіз	<ul style="list-style-type: none"> - 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасы.
Әзірлеген	АІТУ Стратегия және корпоративтік басқару департаменті
Стратегиялық жоспардың мақсаты	АІТУ-нің ғылыми-білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру
Стратегиялық жоспардың міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1) ІТ-технологиялар және мемлекеттің сұранысына жауап беретін білімнің аралас салаларында кадрлар даярлаудың тиімді жүйесін құру; 2) АКТ және аралас салалардағы ғылыми зерттеулер мен білім беру процесін интеграциялау; 3) әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі жоғары болашақ маманның тұлғасын дамыту; 4) АІТУ қызметкерлерінің жоғары жауапкершілікті корпоративтік басқару мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту; 5) Smart Campus қалыптастыру және АІТУ инфрақұрылымын кеңейту
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	<p>1-ші кезең - 2020-2021 жылдар. АІТУ-нің ғылыми-білім беру орталығы ретінде қалыптасуы;</p> <p>2-ші кезең - 2022-2025 жылдар. АІТУ-н ІТ-технологиялар және аралас салаларда кадрларды даярлау мен зерттеу жүйесінің көшбасшысы ретінде дамыту</p>
Қаржыландыру көздері	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік білім беру тапсырысы; - өтеулі қызметтерден түскен қаражат; - ғылыми зерттеулерді гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражаты; - мақсатты қайтарымды инвестициялар

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

AITU – «Astana IT University» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ББ - білім беру бағдарламасы

ПОҚ - профессорлық-оқытушылық құрам

ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу қызмет

ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмыс

ҒЗИ - ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс

СҒЗЖ - студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы

ҒЗО - Ғылыми-инновациялық орталық

ҚЖЖ – «Astana IT University» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының Жалпы жиналысы

GPA - білім алушының оқу жетістіктерінің орташа өлшемді бағасы (Grade Point Average – ағылш. «үлгерімнің орташа балы»)

IGPA - білім алушының оқу, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жетістіктерін бағалаудың интеграцияланған жүйесі

ҚР БҒМ-Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ЖЖКББ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

EECA - Emerging Europe & Central Asia

ҒҒТҚН - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелері

ІСҚЖ (СҚЖ) – ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі

КІРІСПЕ

XXI ғасыр адам мен қоғам өмірінің жаңа сапалы жағдайға көшуімен сипатталады. Адамзат жаңа, ақпараттық дәуірге аяқ басты. Қазіргі постиндустриалды дәуірдің өзіне тән белгілері - нарықтық экономика, ашық демократиялық қоғамның дамуы, байланыс, интернет және компьютерлік технологияларды кеңінен енгізу. Цифрландыру қазіргі мемлекеттердің дамуындағы маңызды үрдіс деп жарияланды: «ақылды қалалар», смарт-нысандар пайда болуда.

Жоғары мектептің қазіргі заманғы трансформациясының бірқатар жаһандық процестермен анықталуы кездейсоқтық емес: индустриялықтан постиндустриалды экономикалық құрылымға көшу, бұл негізгі қызмет түрлері мен біліктілік пен құзыреттілікке қойылатын талаптардың ауысуына әкеледі; цифрлық ақпарат тасымалдаушыларға көшу мен оны жаһандық интернет желісі арқылы ғаламның кез келген жеріне жылдам беру мүмкіндігі, бұл білім беру үдерісі құрылымының, оның ұйымдастырушылық форматтары мен қолданыстағы педагогикалық технологиялардың өзгеруіне әкеледі.

Болашақта жоғары мектептің қоғамдағы миссиясында өзгерістер болуы тиіс. Білім, ғылым мен инновацияны біріктіретін жоғары мектеп, ең алдымен, когнитивті қоғамның негізі (білім экономикасына

көшу үшін елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастыру) және қоғамды дамыту институты (даму стратегияларын, технологиялық шешімдерді, жобаларды, жаңа қызмет түрлерін әзірлейтін институт) болуы керек. Университеттер «білім ордалары» мәртебесін жоғалтып, олардың қызметі барған сайын прагматикалық бағдарланған және маркетингіленге айналады. Жоғары мектептің кадрлар ұстасы ретіндегі рөлі жойылмайды, бірақ маңыздылығы жағынан бағынышты болады. Бұл жағдайда университеттер инновациялар мен құзыреттілік орталықтары ретінде дамиды.

АІТУ қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген), «Білімді ұлт» сапалы білім беру" Ұлттық жобасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген) және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысымен бекітілген) іске асыруға тікелей қатысады.

2. АІТУ-нің БОЛАШАҚ ДАМУЫ

Әлемдік үрдістер мен олармен байланысты инновациялық үдерістер қазақстандық білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етеді, бұл еліміздің ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және саяси талаптармен қатар осы стратегияны дайындауда ескерілген.

Сондықтан, біріншіден, АІТУ базасында өз зияткерлік өнімінен ақша табуға мүмкіндік беретін инновацияларды құру және ілгерілету жүйесі құрылатын болады. Екіншіден, білім беру және зерттеу қызметтерінің әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша шаралар қабылданады, бұл халықаралық рейтингтердегі ұстанымымызды бекітеді. Үшіншіден, сапалы жоғары білімнің қолжетімділігі білім беру үшін шексіз мүмкіндіктер ашатын интернетті қоса алғанда, заманауи технологияларды қолдану есебінен қамтамасыз етілетін болады. Төртіншіден, сапалы білім беру мазмұны университеттік бағдарламаларға енгізілген үздіксіз білім берудің мамандандырылған желілік ресурстарын құру арқылы қамтамасыз етілетін болады. Осылайша, заманауи цифрлық білім беру ортасы құрылады, ал АІТУ барша қазақстандық қоғамның цифрлық

трансформациясының катализаторы болады.

Осыған байланысты АІТУ білім алушыларды үш негізгі құзыретпен жарақтандыратын болады:

- заманауи цифрлық технологиялармен (digital skills);

- болашақта кез-келген жағдайда нақты әрекет етуге мүмкіндік беретін іргелі кәсіби дағдылармен (hard skills);

- шешім қабылдау және жауапкершілікті өз мойнына алу сынды мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттермен (soft skills).

Бұдан басқа, әрбір білім алушыны оқыту дара, тек оған оңтайлы білім беру траекториясы бойынша жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ІТ-кадрларын даярлаумен 70-ке жуық ЖОО (289 бакалавриат ББ, 199 магистратура ББ және 47 докторантура ББ), ал Астана қаласында - 6 университет (34 бакалавриат ББ, 36 магистратура ББ және 16 докторантура ББ) айналысады. ББ-ның сапасы бойынша бәсекелестердің арасында Nazarbayev University-ді ерекше атауға болады.

АІТУ Даму Стратегиясының 2 кезеңі ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға бағытталатын болады.

3. АІТУ: АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ (2022 ж. 01.02. жағдай бойынша)

3.1. Жалпы сипаттама

- 2019 жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында адами капиталды дамыту жөніндегі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында ашылды;

- техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсетуге 2021 жылғы 18.01. №KZ67LAA00019559 бас лицензиясы;

- ресми ақпараттық сайты: <https://astanait.edu.kz>.

Академиялық қызмет

- даярлаудың 4 бағыты бойынша бакалавриаттың **12** білім беру бағдарламасы: Зияткерлік технологиялар, Киберқауіпсіздік, Телекоммуникациялық жүйелер, Медиа-технологиялар, Өнеркәсіптік автоматтандыру, Компьютерлік ғылым, Үлкен деректерді талдау, Бағдарламалық инженерия, IT-менеджмент, IT-кәсіпкерлік, Цифрлық журналистика, Заттардың өнеркәсіптік интернеті;

- даярлаудың 2 бағыты бойынша магистратураның **5** білім беру бағдарламасы: Есептеу ғылымы, Қолданбалы деректерді талдау, Жобаларды басқару, Компьютерлік ғылым және инженерия, Медиа-технологиялар;

- даярлаудың 2 бағыты PhD докторантурасының **2** білім беру бағдарламасы: Компьютерлік ғылым, Жобаларды басқару;

- Техникалық және кәсіби білімнің (ТЖКБ) **2** мамандығы: Бағдарламалық қамтамасыз ету, Есептеу техникасы және ақпараттық желілер;

- **3178** білім алушы, оның ішінде: бакалавриат - **3104**; магистратура - **49**; ТЖКБ - **25**;

- бакалавриат аясында оқытудың жалпы ұзақтығы - 3 жыл;

- оқыту тілі - **ағылшын**;

- бейресми білім ББ-сын іске асырудан кіріс - **55 901 100** теңге.

- 2020 жылы институционалдық және мамандандырылған **аккредиттеу** жүргізілді.

- халықаралық IT-вендорлар және компаниялармен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдар: Huawei, Microsoft, Kaspersky, EDB Postgres, CISCO, Lenovo, KPMG, ASBIS, HP, 1C), ChocoFamily, EPAM, Seedstars, «Колеса, Крыша, Маркет» ҚБ, HP Enterprise және басқалары.

Профессорлық-оқытушылық құрам

- 2021-2022 оқу жылындағы ПОҚ-ның жалпы штаты - **148** бірлік, нақты **106** адам жұмыс істейді;

- ПОҚ дәрежелілігі - **39,4%**;

- оқытушылық қызметке тартылған шетелдік мамандардың үлесі - **6,4%**;

- оқытушылық қызметке тартылған практиктердің үлесі - **40%**;

- біліктілікті арттыру курстарынан өткен ПОҚ үлесі - **48,5%**.

Ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс

- қаржыландырылатын ғылыми жобалар саны - **11**;

- ҒЗЖ сыртқы қаржыландырудың жалпы көлемі - **196 253 000** теңге;

- 2019-2022 жылдары Web of Science және Scopus деректер базасына (ДБ) кіретін жоғары рейтингті журналдардағы жарияланымдар - **72**;

- «Scientific Journal of Astana IT University» ғылыми журналы (<https://sj.astanait.edu.kz>) шығарылады, мерзімділігі: жылына 4 рет, жарияланым тілі: ағылшын;

- «IEEE International Conference on Smart Information Systems and Technologies (SIST) - 2020» халықаралық конференциясы өткізілді;

- іске асырып жатқан инновациялық жобалар саны - **5**;

- кәсіпкерлік курстары бойынша оқыған студенттер саны - **462**;

- студенттер құрған IT-кәсіпорындарының саны - **1**.

Халықаралық ынтымақтастық

- шетелдік білім алушылардың үлесі - **0,7%**;

- халықаралық шығыс ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын білім алушылардың үлесі - **0,3%**;

- тартылған шетелдік топ-менеджерлердің үлесі (барлық ТМ санынан) - **40%**;

- тартылған шетелдік ПОҚ үлесі (барлық ПОҚ санынан) - **5,2%**;

- халықаралық шығыс ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын ПОҚ үлесі - **1%**;

- шетелдік академиялық әріптестермен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы шарттар мен меморандумдар - **28**.

Инфрақұрылым

- 3 оқу ғимараты (жалпы ауданы - 37,6 мың шаршы метр; пайдалы ауданы – 21,2 мың шаршы метр, оның ішінде оқу ғимараты – 18 мың шаршы метр);

- студенттердің 450 орындық 2 тұрғын үй-жайы;

- ПОҚ мен қызметкерлерге арналған 2 үй;

- FabLAB, Cisco, Huawei, Kaspersky, IPMA 5 заманауи оқу-ғылыми зертханалары;

- 6 дәріс, 63 оқу аудиториясы (барлық аудиториялар интерактивті проекторлармен, компьютерлік техникамен және аудио-бейне жүйелермен жабдықталған);

- 20 инновациялық компьютерлік зертхана;

- стартаптарға арналған 10 бөлме;

- 450 орындық заманауи акт залы;

- 50 орындық электронды оқу залы;

- спорт және жаттығу залдары.

- телевизиялық және радиохабар тарату студиялары бар медиа орталық;

- заманауи жабдықтармен жабдықталған және жетекші медициналық мамандары бар денсаулық сақтау пункті;

- 700 орындық студенттік асхана (3 зал);

- корпоративтік компьютерлік желі;

- тегін интернетке қол жетімді 250 Wi-Fi нүктесі.;

- 529 компьютер;

- виртуалды АТС бар IP телефония (120 IP телефон аппараты).

Басқару жүйесі

- корпоративтік басқару органдары: Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысы, Басқарма және Байқаушы кеңес;

- университеттің алқалы басқару органдары: Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес және Ғылыми-техникалық кеңес;

- жедел басқару органы: Ректорат

- басқару принциптері: стратегиялық жоспарлауды дамыту, менеджменттің заманауи әдістерін қолдану, сапаны көпжақты ішкі бағалау, корпоративтік оқыту және үздіксіз жетілдіру.

- негізгі құжат – Даму стратегиясы; қаржылық құжат – Стратегиялық даму жоспарының барлық іс-шараларын қаржылық қамтамасыз ететін университет Бюджеті (Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысы бекітеді);

- стратегиялық жоспарлаудың құрамдас бөлігі - Академиялық саясат және Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;

- ЖОО-ның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері жыл сайын құрылымдық бөлімшелердің барлық деңгейлеріне проекцияланып, орындалу мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, нақты шаралар мен іс-шаралар жоспарларында көрініс табады.

4. ЖАҒАНДЫҚ ҮРДІСТЕР

а) трансформациялық өзгерістердің 10 тренді (Британдық Кеңес):

1. Жаһандық демографиядағы өзгерістер;
2. Барлығы үшін білім беруді дамыту;
3. Жоғары білім беруді интернационалдандырудың ұлттық стратегиялары;
4. Білім беруді қаржыландыру;
5. Жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық;
6. Білім беруді цифрландыру;
7. Кең спектрлі дағдыларға сұраныс (VUCA әлемі);
8. Университет бренді мен білім беру сапасының арақатынасы;
9. Ағылшын тілі оқыту тілі ретінде;
10. Студенттердің оқу тәжірибесінің сапасын назарға алу.

б) Аса сұранысқа ие болатын 10 кәсіби дағды (Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форум, 2016 жыл):

1. Көп деңгейлі мәселелерді кешенді шешу;
2. Сыни ойлау;
3. Кең мағынада креативтілік;

4. Адамдарды басқара білу;
5. Адамдармен өзара әрекеттесу;
6. Эмоциялық интеллект;
7. Өз пікірін қалыптастыру және шешім қабылдау;
8. Клиентке бағдарлану;
9. Келіссөздер жүргізу қабілеті;
10. Ақыл-ойдың икемділігі.

в) Венчурлік қаржыландыру нарығында технологиялық корпорациялардың және басқа салалардағы жаһандық корпорациялардың белсенді қатысуы

1. Корпоративтік венчурлік қорлар санының өсуі: 2017 ж. - +195; 2018 ж. - +264;
2. Корпоративтік венчурлік капитал (CVC) инвестициялар көлемінің өсуі: 2017 ж. – 36 млрд.доллар; 2018 ж. – 53 млрд.доллар (CVC инвестицияларының үлесі венчурлық инвестициялардың 23%-на дейін өсті).
3. Инвестициялаудың негізгі бағыттары - қаржы, медиа, IT, денсаулық, индустриялық технологиялар.
4. Зерттеулер мен әзірлемелерге шығындардың өсуі.

5. SWOT-ТАЛДАУ

	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Ішкі факторлар	<ul style="list-style-type: none"> - АЕТ арқылы студенттерді сапалы іріктеу; - ағылшын тілінде оқыту; - студенттердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуы (әлеуметтік үлес); - Astana IT University брендінің қалыптасуы; - ПОҚ-ның сапалы рекрутингі мен қолдаудың дамыған жүйесі; - сертификатталған жоба менеджерлері пулының болуы; - университет қоғамдастығы барлық мүшелерінің (студенттер, оқытушылар, қызметкерлер) жоғары уәждемесі; - университет инфрақұрылымы мен орналасуы білім алушылар мен ПОҚ үшін қолайлы ЖОО ортасы ретінде; - гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ҒЗЖ конкурстарына қатысудың нәтижелілігі; - әлеуетті жұмыс берушілермен, мемлекеттік органдармен, жоғары оқу орындарымен және IT компаниялармен өзара іс-қимылдың жолға қойылған тетігі. 	<ul style="list-style-type: none"> - стартаптар жұмысы мен жүргізуіндегі тәжірибенің жеткіліксіздігі және IT-компаниялармен әлсіз байланыс; - ПОҚ-ның жоғары оқу және ғылыми жүктемесі; - инвестицияға тәуелділік; - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нарығында жұмыс істеудің қысқа мерзімі; - ғылыми-зерттеу зертханаларымен жеткіліксіз жарақтандырылуы; - библиометриялық көрсеткіштердің төмен деңгейі.

	Қолайлы мүмкіндіктер	Сын-қатерлер
Сыртқы факторлар	<ul style="list-style-type: none"> - IT және үздіксіз білім беру саласы зерттеулеріндегі көшбасшылық; - пәнаралық зерттеулерді ұлғайту; - бөгделердің тәжірибесін ескере отырып, «нөлден» және «дұрыс» бизнес-процесін құру; - жеке компаниялар тарапынан қосымша қаржыландыру көзін тарту; - нақты сектордан, бизнес құрылымдардан ПОҚ тартудағы қаржылық және географиялық бәсекеге қабілеттілік; - инновацияларды, әсіресе цифрлық технологиялар саласында енгізу мүмкіндігі; - білім беру гранттарының құнын арттыру; - ҚР БҒМ, Дүниежүзілік банк және басқа да көздер тарапынан ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайту; - инновациялық экожүйе цифрлық трансформациялаудың кепілі ретінде; - ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыру үшін ПОҚ-ды қолдауды күшейту: ғылыми тағылымдамалар бағдарламалары, ресурстарды бөлу. 	<ul style="list-style-type: none"> - оқытушыларды, зерттеушілер мен студенттерді тартудағы жаһандық және өңірлік бәсекелестік; - саяси және экономикалық факторларға орай үздік отандық және халықаралық оқытушыларды тарту қабілетінің төмендігі; - үздік оқытушылар мен білім алушыларды тартудағы тілдік кедергі; - өзгерген құндылық бағдарлары, студент жастардың азаматтық белсенділік деңгейінің төмендеуі; - білім беру саласындағы мемлекет саясатының төмен болжамдығы; - елдің экономикалық дамуына байланысты инфляциялық тәуекелдер.

6. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЛОК

АІТУ МИССИЯСЫ: Қазақстанның даму драйвері ретінде АКТ саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлау және зерттеулерді коммерцияландыру

КӨЗҚАРАС: Astana IT University – тұрақты академиялық дәстүрлері мен жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар инновациялық үздіксіз ІТ-білім мен ғылымның көшбасшысы

АІТУ ЖАҒАНДЫҚ МАҚСАТЫ: Пәнаралық негізде АКТ саласында кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету

6.1. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

МАҚСАТ	МІНДЕТ	2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КРІ
1- БАҒЫТ – Үздіксіз ІТ-білім берудегі академиялық басымдылық және түлектерге жоғары сұраныс		
ІТ-технологиялар саласы мен білімнің сабақтас салаларында кадрлар даярлаудың нәтижелі жүйесін құру	1) нарық сұранысына сәйкес ББ-н жаңарту; 2) нәтижеге бағдарланған білім алушылар мен ПОҚ рекрутингі мен қолдау жүйесін дамыту 3) үздіксіз ІТ-білім беру жүйесін құру; 4) ҚР ЖЖКББ жүйесіне бастамалар енгізу	- түлектерді жұмысқа орналастыру - 85% кем емес; - білім алушылар контингенті (адам) – 4550-тен кем емес; - жоғары/ жоғары оқу орнынан кейінгі контингенттің арақатынасы (%) - 85/15 кем емес; - бейресми білім беру курстарының тыңдаушылары - 1300 адамнан кем емес; - Цифрлық үздіксіз білім беру институтын ашу - 1; - ҚР ЖЖКББ жүйесіне енгізілген бастамалар (саны) – 3-тен кем емес; - білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың интеграцияланған жүйесін (IGPA) енгізу
2- БАҒЫТ – Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық		
АКТ және онымен сабақтас салалардағы ғылыми зерттеулер мен білім беру үдерісін интеграциялау	1) ІТ саласы және сабақтас салаларда ҒЗЖ жүргізу және коммерцияландыру; 2) ІТ саласында стартаптар-ды, шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдау экожүйесін құру;	- зерттеуге арналған сыртқы гранттар саны - 15-тен кем емес; - 2-ден төмен емес Хирша индексі бар ПОҚ үлесі - 30 %-дан кем емес; - Scopus-та индекстелген IEEE жыл сайынғы халықаралық ғылыми конференциясын өткізу; - ПОҚ мен мамандардың ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыруға

	<p>3) ғылыми іс-шаралар мен докторантура арқылы ПОҚ мен мамандардың ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыру;</p> <p>4) ҒЗО мен ғылыми мектептерді құру және дамыту.</p>	<p>бағытталған ғылыми іс-шаралар өткізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - бітіргеннен кейін бірінші жылы қорғаған докторанттар (оның ішінде нысаналы) үлесі - 50 %-дан кем емес; - ҒҒТҚН коммерцияландырылған/ стартаптар саны - 2/5 кем емес; - жұмыс істеп тұрған ҒЗО - 5; - АКТ және сабақтас бағыттар бойынша ғылыми мектептер саны – 77
3- БАҒЫТ – Ұлттық және халықаралық тану		
<p>Ұлттық және халықаралық деңгейде АІТУ-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p>	<p>1) елдік және халықаралық рейтингтерге қатысу және ілгерілету;</p> <p>2) ББ-н халықаралық аккредиттеуден өткізу;</p> <p>3) танылған ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамыту (білім, ғылым, бизнес);</p> <p>4) интернационалдан-дыруды дамыту.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ББ кем дегенде 30 %-ы алғашқы 3-тікке кіреді, - ББ кем дегенде 60 %-ы елдік рейтингтің алғашқы 10-дығына кіреді; - АІТУ ҚР-ның бейінді жоғары оқу орындарының 3-тігіне, QS subject rankings алғашқы 300-дігіне кіреді; - шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен келісім-шарт жасау; - шетелдің жетекші ғылыми ұйымдарымен келісім-шарт жасау; - шетелдік бизнес-ұйымдармен келісім-шарт жасау; - шетелдік студенттердің/ПОҚ үлесі (%) - 3/8-ден кем емес; - білім алушылардың шығыс / кіріс академиялық ұтқырлығы (%) – білім алушылар контингентінің 3/3 %-ы; - ПОҚ-ның шығыс академиялық ұтқырлығы (%) – білім алушылар контингентінің кемінде 3 %-ы.
4- БАҒЫТ – Smart и Digital university моделін іске асыру		
<p>Сервисті цифрландыру және инфрақұрылымды дамыту негізінде Smart Campus қалыптастыру</p>	<p>1) білім мен ғылымда инновацияларды қолдау арқылы АІТУ цифрлық экожүйесін құру;</p> <p>2) университеттің SMART-инфрақұрылымын дамыту.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - цифрлық форматқа ауыстырылған басқару, академиялық және ғылыми-зерттеу үдерістерінің үлесі - 90%-дан кем емес; - аудиториялық қордың жалпы көлемінен SMART-аудиториялар мен зертханалардың үлесі - 50%-дан кем емес; - студенттік Smart-кампусты жобалау, салу және жабдықтау.

5- БАҒЫТ – Қаржылық тұрақтылық		
<p>Экономикалық өзін-өзі қамтамасыз етуді сүйемелдеу</p>	<p>1) білім беру бағдарламаларына қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету; 2) АІТУ кіріс көздерін әртараптандыру; 3) әлеуметтік жауапкершілік аясында қоғамның дамуын қолдау.</p>	<p>- операциялық қызметтің рентабельділік деңгейі - 20 %-дан кем емес; - ақылы оқытудан түсетін бюджеттегі кіріс үлесі - 13 %-дан кем емес; - зерттеулерден түсетін кіріс үлесі - 10 %-дан кем емес; - ректордың / университеттің оқытуға арналған гранттары - кірістің 1 %-нан асырмау; - ақылы оқытуға әлеуметтік санаттар бойынша жеңілдік жиынтығының көлемі - 25 %-дан асырмау; - жас ғалымдарға арналған ішкі гранттар - кірістің 0,5 %-дан асырмау.</p>

6.2. АІТУ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

АІТУ-дағы академиялық қызметтің маңызды талабы – «талантты студенттер - талантты оқытушылар – табысты ел», ал оның құндылықтары:

1) мульти, -аралық және транс тәртіптік тәсілдер;

2) сыни және проблемалық-бағдарланған ойлау;

3) өмір бойы оқу;

4) іскерлік, креативтілік, инновациялар;

5) корпоративтік этика, сапа мәдениеті және академиялық адалдық.

6.3. ТИІМДІЛІКТІҢ ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

МАҚСАТ	МІНДЕТТЕР	KPI	2021 (нақты)	2022	2023	2024	2025
LLL жүйесіндегі академиялық басымдылық							
IT-технологиялар және білімнің сабақтас салаларында кадрлар даярлаудың нәтижелі жүйесін құру	нарық сұраныстарына сәйкес ББ-н жаңарту	түлектерді жұмысқа орналастыру - кем емес (%)	-	80	85	85	90
		білім алушылар контингенті - кем емес (адам)	3178	4120	4240	4380	4550
		жоғары/ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру контингентінің арақатынасы - кем емес (%)	98,5/1,5	95/5	92/8	89/11	85/15
	нәтижеге бағдарланған білім алушылар мен ПОҚ рекрутингі және қолдау жүйесін дамыту	AITU Excellence Test жетілдіру	+	+	+	+	+
		Интеграцияланған бағалау жүйесін (IGPA) енгізу	-	+			
		ПОҚ-ның KPI жүйесін жетілдіру	+	+			
		студенттер мен қызметкерлерге арналған AITU сервистік функцияларының сапа стандарттарын енгізу			+	+	+
	үздіксіз IT-білім беру жүйесін құру	Цифрлық үздіксіз білім беру институтын (ЦҮББИ) ашу				+	
		EdTech F3O негізінде IT-пәндер оқытушыларының әдістемелік құзыреттерін дамыту бойынша ғылыми зертхана құру			+		

		цифрлық құзыреттер бойынша балалар мен ересектерге арналған бейресми білім беру курстарының тыңдаушылары – кем емес (адам)	300	700	1100	1300	1300
	ҚР ЖЖКББ жүйесіне бастамалар енгізу	СІҚ стандарттарын қызмет көрсету моделіне аудару	-	-	+		
		бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану	-	-	+		
		Интеграцияланған бағалау жүйесін (IGPA) енгізу	-	+			
		жоғары білім деңгейінде микро біліктілік беру	-	+			
Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық							
Ғылыми зерттеулер мен білім беру үдерісінің интеграциясы	IT және сабақтас салаларда (оның ішінде Альянс аясында) ілгері F3Ж жүргізу	зерттеуге арналған сыртқы гранттар саны - кем емес (бірл.)	11	13	13	14	15
		FFTҚН коммерцияландырылған/ стартаптар саны - кем емес (бірл.)	-	1/2	1/3	2/4	2/5
		жарияланған халықаралық журналдар саны - кем емес (бірлік)	1	1	2	2	2
		патенттер алу - кем емес (бірл.)	-	-	1	1	2
	IT саласындағы стартаптарды, шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдау экожүйесін құру	оқу-ғылыми-зертханалық ғимаратты пайдалануға беру	-	-	-	-	+
	стартаптар түрінде іске асырылған дипломдық жобалар саны - кем емес (бірл.)	-	-	3	4	5	

		университет түлектері құрған кәсіпорындар саны - кем емес (бірлік)	1	1	2	3	5
	ПОҚ мен қызметкерлердің ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыру	2-ден төмен емес Хирша индексі бар ПОҚ үлесі - кем емес (%)	5	15	25	27	30
		Scopus-та индекстелген жыл сайынғы IEEE халықаралық ғылыми коференциясын өткізу - кем емес (бірл.)	1	1	1	1	1
		бітіргеннен кейін бірінші жылы қорғаған докторанттар (оның ішінде нысаналы гранттар бойынша) үлесі– кем емес (%)	-	-	-	-	50
		жұмыс істеп тұрған ғылыми-инновациялық орталықтар (ҒЗО) саны - кем емес (бірл.)	2	3	5	5	5
		Ұлттық және халықаралық тану					
Ұлттық және халықаралық деңгейде АІТУ-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру	елдік және халықаралық рейтингтерге қатысу және ілгерілету	ББ-ның елдік рейтингте алғашқы 3-тікке кіруі (саны) - кем емес (бірл.)	-	-	2	4	5
		ББ-ның елдік рейтингте алғашқы 10-дыққа кіруі - кем емес (бірлік)	-	-	5	5	6
		Орталық Азиядағы бейінді ЖОО рейтингіндегі орын	-	-	топ-7	топ-5	топ-3
		QS subject rankings/EECA рейтингіндегі орын	-	-	-	-	топ-300
	ББ-н халықаралық аккредиттеуден өткізу	халықаралық институционалдық аккредиттеу / қайта аккредиттеу	+				+

		халықаралық бағдарламалық аккредиттеу / қайта аккредиттеу - кем емес (%)	70	80	90	90	95
	интернационалдандыруды дамыту	білім алушылардың шығыс/кіріс академиялық ұтқырлығы - кем емес (%)	0,3/0	0,3/0,3	1/1	2/2	3/3
		ПОҚ-ның шығыс академиялық ұтқырлығы- кем емес (%)	1	1	1,5	2	3
		шетелдік студенттердің/ ПОҚ үлесі- кем емес (%)	0,5/5	0,7/5,2	1/5,6	2/6	3/6,2
		бірлескен ББ саны - кем емес (бірл.)	0	1	2	2	3
Digital university моделін іске асыру							
Сервисті цифрландыру және инфрақұрылымды дамыту негізінде Smart Campus қалыптастыру	AITU цифрлық экожүйесін құру	тұғырнамалық модельде «Digital university» жүйесін әзірлеу және жетілдіру	+	+	+	+	+
		цифрлық форматқа ауыстырылған басқару, академиялық және ҒЗҚ үдерістерінің үлесі - кем емес (%)	30	50	60	80	90
		бірыңғай ақпараттық жүйе негізінде деректерді талдаудың ішкі жүйесін әзірлеу және енгізу			+	+	+
	университеттің SMART-инфрақұрылымын дамыту	студенттік SMART-кампусты пайдалануға беру			+	+	+
		қолданыстағыны технологиялық жаңарту			+	+	+
		SMART-аудиториялар мен зертханалардың аудиториялық	15	20	30	40	50

		қордың жалпы көлемінен үлесі - кем емес (%)					
Қаржылық тұрақтылық							
Экономикалық өзін-өзі қамтамасыз етуді сүйемелдеу	білім беру бағдарламаларына қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету	кірістен рентабельділік деңгейі - кем емес (%)	0,3	14	16	18	20
		ақылы оқытудан түсетін бюджеттегі кіріс үлесі - кем емес (%)	6,3	8,5	9	11,5	13
	АІТУ кіріс көздерін әртараптандыру	зерттеулерден бюджеттегі кіріс үлесі - кем емес (%)	5	6	7	8	10
		инновацияларды коммерцияландырудан түсетін кіріс үлесі - кем емес (%)	-	-	1	2	3
	әлеуметтік жауапкершілік аясында қоғамның дамуын қолдау	кірістен оқытуға арналған ректор/университет гранттарының үлесі - артық емес (%)	1	1	1	1	1
		ақылы оқытуға әлеуметтік санаттар бойынша жеңілдік жиынтығының орташа көлемі - артық емес (%)	20	22	23	24	25
		кірістен жас ғалымдарға арналған ішкі гранттар үлесі - артық емес (%)	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5

СТРАТЕГИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖОҒАРЫ ТҮРҒАН ҚҰЖАТТАРЫМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

№ р/с	Атауы	Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы	Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы	«Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасы
1	2	3	4	5	6
1	1-БАҒЫТ – Ұлттық және халықаралық тану	4-бағыт. Білім және кәсіби дағдылар заманауи білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің түйінді бағдарлары	3-міндет. Білім беруді сапасын арттыру	Халықаралық білім беру бағдарламаларын, шетелдік әріптестермен академиялық алмасуларды іске асыратын жоғары оқу орындарының үлесі (2025 жылы - 50) Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылар саны (2025 жылы - 200)	
2	2-БАҒЫТ – LLL жүйесіндегі академиялық басымдылық		1-міндет. Білім беруді сапасындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету 3-міндет. Білім беруді сапасын арттыру	Дағдылар мен кәсіпкерлік қызыреттерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету (кәсіпорындар, орталықтар және т. б. базасында), сондай-ақ	IT-компаниялар есебінен салықтық түсім үлесінің өсуі АКТ саласындағы білікті кадрлар саны (2025 жылға - 100 000 адам)

			5-міндет. Цифрлық экономикаға арналған адами капиталды дамыту	техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және «апгрейд»	
3	3-БАҒЫТ – Зерттеулер мен инновациялар- дағы көшбасшылық		6-міндет. Қазақстандық ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесін ұлғайту		2020 жылғы зерттеушілердің жалпы санына қарағанда зерттеушілер санының өсімі (2025 жылы – 50%) ҒЗТКЖ жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санына қарағанда жас ғалымдар үлесі (2025 жылы – 50%) Индекстелетін ғылыми журналдардағы мақалалардың жалпы саны бойынша InCites елдік рейтингіндегі Қазақстан орнының жоғарылауы (2025 жылы - 65 орын) Бюджеттен қаржыландырылатын қолданбалы ғылыми зерттеулердің жалпы санына қарағанда коммерцияландырылған ғылыми әзірлемелер үлесі (2025 жылы - 35%) Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында ұлттық өтінім берушілерден патенттік белсенділік өсімі (2025 жылы - 30%)
4	4-БАҒЫТ –		2-міндет. Оқу үшін қолайлы жағдайлар мен орта құру		

	Digital university моделін іске асыру				
5	5-БАҒЫТ – Қаржылық тұрақтылық		4-міндет. Білім беруді басқару мен қаржыландырудың тиімділігін арттыру		

СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
«Ұлттық және халықаралық тану» бағыты бойынша

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
Сыртқы		
Әлемдегі саяси ахуал	Халықаралық рейтингтерге, конкурстарға, бағдарламалар мен үдерістерге қатысу өлшемдері мен шарттарының өзгеруі.	Қызметкерлер мен білім алушыларды шарттардың өзгеруі туралы тұрақты хабардар ету. Халықаралық қызметті әртараптандыру.
Визалық рәсімдердің күрделілігі	Шетелдік ПОҚ/ТМ, сондай-ақ шетелдік студенттерді тартудың жалпы жоспарының орындалмауы	ҚБТ-н қолданумен сабақ өткізу үшін шетелдік ПОҚ/ТМ және студенттерді тарту ІНҚ аясында шетелдіктерді қолдау
Шетелдік білім алушылар үшін ББ-ның төмен тартымдылығы	Шетелдік талапкерлерді қабылдаудың жалпы жоспарының орындалмауы. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушыларды қабылдау жалпы жоспарының орындалмауы.	Әлемнің өңірлеріндегі елдер (Оңт.- Шығыс Азия, Америка, ТМД, Батыс) бойынша агрессивті кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу. Қуатты бәсекелестік артықшылықтары бар бірегей білім беру бағдарламаларын (соның ішінде БББ және ҚОЖ) қалыптастыру Жаһандық халықаралық форумдардағы баяндамалар мен тұсаукесерлер арқылы ЖОО брэндин ілгерілету China education, NAFSA, EAIE conference and exhibition, DIDACTA, Мәскеу халықаралық білім салоны және басқа да жетекші білім беру көрмелеріне қатысу

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
		«Brand book» веб-порталында ағылшын тілінде және ынтымақтастықтың басым елдері тілдерінде промо-роликтерді орналастыру
Шетелдік ПОҚ және ТМ үшін АІТУ-нің төмен тартымдылығы	Шетелдік ПОҚ/ТМ тартудың жалпы жоспарының орындалмауы	Сапаны бағалаудың еуропалық тәсілдерін ескере отырып, бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу Шетелдік авторлармен бірлесіп ғылыми басылымдарды жариялау / зерттеу нәтижелерін тарату Ғылыми тағылымдамалар мен зерттеулер жүргізу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік докторанттарды/постдокторанттарды шақыру
Astana IT University-нде оқу үшін ағылшын тілін меңгерудің төмен деңгейі	Талапкерлерді қабылдау жалпы жоспарының орындалмауы Мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі	Ағылшын тілі курстарын ұйымдастыру (оның ішінде университеттік Speaking club аясында)
Қазақстандық жоғары оқу орындар арасындағы бәсекелестік	Талапкерлерді қабылдау жалпы жоспарының орындалмауы	Еліміздің барлық өңірлерінде агрессивті кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу IT құзыреттілігі бойынша оқушылар арасында пәндік олимпиадалар өткізу Қуатты бәсекелестік артықшылықтары бар бірегей білім беру бағдарламаларын қалыптастыру
<i>Ішкі</i>		
Халықаралық ынтымақтастық және	Шетелдік талапкерлер санының қысқаруы	Халықаралық бөлімдер/рекрутинг орталықтары/жоғары оқу орындарын тану кеңселерінің жұмысын ребрендингтеу.

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
маркетинг бөлімдерінің халықаралық және ұлттық деңгейде АІТУ-н жеткіліксіз ілгерілетуі	Академиялық ұтқырлық бағдарламасының орындалмауы	<p>Шетелдік білім алушылар, оқытушылар мен зерттеушілерге арналған тәлімгерлік институтын құру</p> <p>Шетелдік студенттерге арналған бейімдеу бағдарламалары мен тренингтер</p> <p>Шетелдік студенттерге арналған қазақ тілін үйрету курстарын ұйымдастыру</p>
Шетелдік білім алушылар мен ПОҚ үшін әлеуметтік қолдаудың қалыптаспауы	Шетелдік студенттер/ПОҚ – ЖОО «амбассадорлар» санының азаюы.	<p>Қаланың мәдени-демалыс нысандарына тегін қол жетімділікті қамтамасыз ету</p> <p>Шетелдік студенттер мен ПОҚ үшін Қазақстанның тарихи жерлеріне туристік сапар ұйымдастыру</p> <p>Тамақтану және жол жүру талондарын ұсыну</p> <p>Шетелдік студентке арналған сыйлық жиынтығы</p>
Шығыс академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі	Шығыс академиялық ұтқырлық жоспарының орындалмауы	Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасына жыл сайын қаражат бөлу

«LLL жүйесіндегі академиялық басымдылық» бағыты бойынша

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
<i>Сыртқы</i>		

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
Жұмыс берушілер тарапынан даярлау сапасына қанағаттану деңгейінің төмендеуі	ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасуының төмен үлесі	Нарық сұранысына сәйкес ББ-н жаңарту. Жұмыс берушілерді оқытушы-практиктер ретінде тарту.
Бейресми білім беру курстары нарығындағы бәсекелестік	Бейресми білім беру тыңдаушылары санының азаюы	Бейресми білім беру курстарын әртараптандыру Жоғары білім деңгейінде микро біліктілік беру
<i>Ішкі</i>		
IT саласында білікті педагог кадрлардың жетіспеушілігі	Іс басындағы оқытушылардың оқу уақытын ұтымсыз пайдалануы. Педагогикалық жүктеменің шектен тыс көлемі. Сабаққа дайындалу уақытының қысқаруы.	Білім беру бағдарламаларын іске асыруға шетелдік оқытушы-ғалымдарды тарту. Оқытушылардың IT-біліктілігін сертификаттау.
ЖОО-ның аудиториялық және тұрғын үй қорының жеткіліксіздігі	Білім алушылар санын арттыру мүмкіндігінің болмауы. Тұрғын үйге мұқтаж ПОҚ-ды қолдау бағдарламасының болмауы	Жаңа кампус салу. Тұрғын үйді жекешелендіру бағдарламасын енгізу.
Білім беру үдерісін ресурстық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі	Білім беру бағдарламасының нысаналы мақсаты мен міндеттерін толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді	Заманауи зертханаларды, оның ішінде пәнаралық зертханаларды құру. Университеттің бағдарламалық және ресурстық қамтамасыз етуін сатып алу бойынша бюджеттік өтінімдерді жасақтау.
ПОҚ біліктілігін арттыру бөлігінде кадр саясаты тиімділігінің төмендеуі	Цифрлық білім берудің заманауи трендтер мен сын-қатерлерге сәйкес келмеуі	Отандық және шетелдік жетекші ғылыми және білім беру орталықтарында университет оқытушыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

«Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық» бағыты бойынша

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
<i>Сыртқы</i>		
Ғылымды қаржыландыру көлемінің азаюы	Мемлекеттік қаржыландыру аясында іске асырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының сапасының төмендеуі	Ықтимал қысқартуларды ескере отырып, іске асыруға көбірек қаражат бөлу. Ғылыми жобаларды қаржыландыру көздерін әртараптандыру. Ғалымдардың түрлі ғылыми жобалар конкурстарына қатысуы
<i>Ішкі</i>		
Қызметкерлер мен білім алушылардың төмен гранттық белсенділігі	Елдік және халықаралық рейтингтерде ілгерілетудің болмауы. ЖАК, Web of Science, Scopus тізіміне кіретін журналдарда жарияланым белсенділігінің жеткіліксіздігі ЖОО қызметкерлерінің ғылыми өлшем базаларындағы дәйексіздігінің жеткіліксіздігі	ПОҚ және білім алушылардың қаржылық уәждемесі Университет басылымын Scopus халықаралық базасына ілгерілету Студенттік ғылыми бірлестіктер жүйесін дамыту
Стартаптардың, шағын инновациялық жобалардың болмауы	ҒЗТҚЖ нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асырмау	IT саласындағы стартаптарды, шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдау экожүйесін құру Студенттік жұмыстар мен жобалардың түрлі конкурстарын өткізу.
Дәрежесі бар ПОҚ-ның жеткілікті мөлшерінің болмауы	Ғылыми жобаларды іске асыруға мүмкіндік бермейді, сыртқы кадрларды тарту қажеттілігі	«Болашақ» ХБО-мен ПОҚ-ға арналған ғылыми тағылымдамалар туралы келісім-шарт жасау. Зерттеу жүргізуге жүктеме қосу арқылы оқу жүктемесін азайту.

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
		Мақсатты докторантура аясында қызметкерлерді оқытуға жіберу
Университетте инновациялық экожүйені құруға жеткілікті уақыт пен қаржыландырудың болмауы	Жоспарлау мен ұзақ мерзімді көзқарастың болмауы, ішкі факторлардың қатты әсері	Ғылыми жобаларды қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту. 5-7 жылдық кезеңге жоспарлау және мақсатқа бірте-бірте жету.

«Digital university моделін іске асыру» бағыты бойынша

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
<i>Сыртқы</i>		
Компанияның серіктеске тәуелділігі	Жүйені жетілдіру және жаңарту қажет болған жағдайда өндіруші-серіктеске жүгіну қажеттігі	Жалпыға бірдей танылған, жаһандық және танымал технологияларды таңдау
Серіктесті қате таңдау немесе жобаны орындай алмайтын компаниямен келісім-шарт жасау тәуекелі	Жобаны жүзеге асыруда сәтсіздікке ұшырау, күш пен ресурстарды ысырап ету	Ұқсас жобаларды іске асыру тәжірибесі және білікті кадрлары бар компанияны таңдау
Жобаны бірнеше компаниялармен іске асыру себебінен бірлескен жауапкершілік тәуекелі	Қателікке жауапты адамды анықтау қиындығы немесе жобаның белгілі бір бөлігінің орындалмауы	Жобаларды басқару кеңсесін (PMO) құру, компанияларды бір-біріне тәуелділігі аз нақты модульдерге таңдау
Жобаның шектен тыс құны	Университеттің жобаны қаржыландыруға дайын болмауы. Жобаның тоқтап қалуы немесе жабылуы.	Жобаның ТЭН-сінде инвестицияның кезең-кезеңмен қайту тетігінің ескерілуі
<i>Ішкі</i>		

Білікті маманды жалдауға және оны ұстап қалуға байланысты тәуекел	Білікті маманның жұмыстан шығуы. Оның орнына маман табудың қиындығы.	Бөгде компанияларға орындауға беру (Аутсорсинг)
Бір адамның құзыретіне және оның жұмыстан шығып кету ықтималына тәуекел	Білікті маманның жұмыстан шығуы. Оның орнына маман табудың қиындығы.	Бөгде компанияларға орындауға беру (Аутсорсинг)
Қызметкерлердің ІТ индустриядағы барлық үрдістер мен оқиғаларды бақылай алмауы	ІТ индустриясы, технологиялар үрдістерінен қалыс қалу - жүйені әзірлеуде қолданылған технологиялардың өзектілігін жоғалту және тез тозу тәуекелін арттырады	Заманауи технологиялар қолданатын бөгде компанияларға орындауға беру (Аутсорсинг)
Цифрлық университет жобасын штаттық қызметкерлермен ғана жүзеге асыру күрделілігінің аса жоғары деңгейі	Ауқымды жобаны жүзеге асыра алмау, тәжірибенің жеткіліксіздігі, ұзақ мерзімдер, жобаның тоқтап қалу немесе жабылу тәуекелі	Қажетті біліктілікпен кадрлары бар бөгде компанияларға орындауға беру (Аутсорсинг)
Білім алушылар мен ПОҚ-ның қолданыстағы цифрлық экожүйенің қызметіне қанағаттанбауы	Бизнес-процестердің бюрократиялануы. Білім алушыларға көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің пайда болуы	Smart-функционалды технологиялық жаңарту

«Қаржылық тұрақтылық» бағыты бойынша

Тәуекел атауы	Ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
<i>Сыртқы</i>		

<p>Қаржылық тұрақтылықтың төмендеу тәуекелі</p>	<p>Пайдаланылатын қарыз қаражаттарының үлесі ЖОО-ның көлемі бойынша оң және теріс ақша ағындарының теңгерімсіздігін тудырады</p>	<p>Ақылы оқытудан түсетін бюджет кірісі үлесін ұлғайту.</p> <p>Қосымша/бейресми білім беруден бюджет кірісі үлесін ұлғайту.</p> <p>Зерттеулерден түсетін кірісті арттыру.</p> <p>Коммерцияландырудан түсетін кірісті ұлғайту.</p> <p>Тиімді маркетингтік саясат.</p>
<p>Құқықтық тәуекелдер (заңнаманың өзгеруі)</p>	<p>Заңдар, реттеушілердің заңға тәуелді актілері, қағидалар, регламенттер, ұйғарымдар, құрылтай құжаттары сияқты ішкі және сыртқы құқықтық нормалардың бұзылуына немесе сәйкес келмеуіне байланысты кірісті, капиталды жоғалту немесе шығындардың туындау тәуекелі.</p> <p>Реттеуші (бақылау-қадағалау) органдарының тексеріс жүргізуі.</p> <p>Сот шешімі бойынша бұзушылық жіберілген келісім-шарттардың жойылуы, заңды күші жоқ деп танылуы.</p> <p>Бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан теріс ақпарат жариялануы (бедел тәуекел).</p> <p>Үшінші тұлға тарапынан компанияның заңсыз әрекеттерінен келтірілген залалды өтеу туралы сот талап қоюын беру тәуекелі.</p> <p>Әкімшілік жауапкершілік (айыппұлдар және т.б.).</p> <p>Лауазымды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі.</p>	<p>Құқықтық қамтамасыз ету және персоналды басқару департаменті қызметкерлерінің біліктілігін арттыру</p>

Салық тәуекелі	Қолданыстағы салықтар мен алымдар мөлшерлеме деңгейінің өсуі; жекелеген салық төлемдерін жүзеге асыру мерзімдері мен шарттарының өзгеруі; қолданыстағы салық жеңілдіктері күшінің жойылу ықтималдығы	Салық заңнамасының тұрақты мониторингі. Қаржы дирекциясы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру
<i>Ішкі</i>		
Құрылымдық тәуекел	Жалпы сомадағы тұрақты шығындардың жоғары үлес салмағын анықтайтын ЖОО-ның ағымдағы шығындарын тиімсіз қаржыландыру	Жыл сайынғы мониторинг және өндірілген шығындарды талдау.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	ЖОО бюджетін жасақтау мен бөлуде ашықтықтың болмауы. Активтер мен негізгі құралдарды мақсатсыз пайдалану. Тауарлар, жұмыс және қызметтерді сатып алудың ашық емес рәсімі	Қол жеткізілген нәтижелерді міндетті түрде таныстыру және бағалау арқылы бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бақылау. Активтер мен негізгі құралдарды пайдалану туралы жыл сайынғы есеп. Активтер мен негізгі құралдарды пайдаланудың жыл сайынғы сыртқы және ішкі аудиттері. Бюджет комиссиясының бюджеттің шығыс бөлігін бекітуі аясында сатып алуды жоспарлаудың ашық рәсімін енгізу. Баға ұсыныстарын міндетті түрде сұрату және бастамашы бөлімшенің нақты өнім берушіні таңдауының негіздемесі (бюджеттік комиссияның не ЖОО-ның өзге де құзыретті органында).

СТРАТЕГИЯНЫҢ САНДЫҚ КРІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

LLL жүйесіндегі академиялық басымдылық	
түлектердің жұмысқа орналасуы – (%)	$TrB = K_{BTr} / K_o * 100\%$, онда TrB – түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, $K_{инп}$ - жұмысқа орналасқан түлектер саны, K_o – түлектердің жалпы саны
білім алушылар контингенті (адам)	ЖЖКББ ББ бойынша оқытудың барлық деңгейлері мен нысандары бойынша білім алушылардың жалпы саны
жоғары/ жоғары оқу орнынан кейінгі контингенттің арақатынасы (%)	$CoK = K_{Bпо} / K_{Bo} * 100\%$, онда CoK – арақатынас, $K_{Bпо}$ - ЖЖКББ ББ контингенті, K_{Bo} – ЖБ ББ контингенті
цифрлық құзыреттіліктер бойынша балалар мен ересектерге арналған бейресми білім беру курстарының тыңдаушылары – (адам)	Абсолютті саны
Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық	
зерттеуге арналған сыртқы гранттар саны	қаржыландырылған зерттеуге арналған сыртқы гранттар саны
ҒҒТҚН коммерцияландырылған/ стартаптар саны	кіріс алынған ҒҒТҚН коммерцияландырылған/ стартаптар саны
жарияланған халықаралық журналдардың саны	жарияланған халықаралық журналдар саны
алынған патенттер саны	алынған патенттер саны
стартаптар түрінде іске асырылған дипломдық жобалар саны	стартаптар түрінде іске асырылған дипломдық жобалар саны
Университет түлектері құрған кәсіпорындар саны	Университет түлектері құрған тіркеуден өткен кәсіпорындар саны
2-ден төмен емес Хирша индексі бар ПОҚ үлесі (%)	$X2_{поқ} = K_{x2поқ} / K_{поқ} * 100\%$, онда $X2_{поқ}$ – 2-ден төмен емес Хирша индексі бар ПОҚ үлесі, $K_{x2поқ}$ - 2-ден төмен емес Хирша индексі бар ПОҚ үлесі, $K_{поқ}$ – ПОҚ-ның жалпы саны
Scopus-та индекстелген IEEE жыл сайынғы халықаралық ғылыми конференциясын өткізу	нақты өткізілген конференциялар саны

ПОҚ мен мамандардың ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған ғылыми іс-шаралар жүргізу	ПОҚ мен мамандардың ғылыми-инновациялық әлеуетін арттыруға бағытталған іс жүзінде жүргізілген ғылыми іс-шаралар саны
бітіргеннен кейін бірінші жылы қорғаған докторанттар (оның ішінде нысаналы) үлесі (%)	$D_{PhD} = K_{PhD} / K_{док} * 100\%$, онда K_{PhD} - бітіргеннен кейін бірінші жылы қорғаған докторанттар үлесі, $K_{док}$ - бітіргеннен докторанттардың жалпы саны
Ұлттық және халықаралық тану	
елдік рейтингте ББ-ның алғашқы 3-тікке кіруі (саны)	«Атамекен» ҰКП рейтингіндегі нақты орын
елдік рейтингте ББ-ның алғашқы 10-дыққа кіруі	«Атамекен» ҰКП рейтингіндегі нақты орын
ҚР бейінді ЖОО рейтингіндегі орын	«Атамекен» ҰКП рейтингіндегі нақты орын
QS subject rankings/EECA рейтингіндегі орын	QS subject rankings/EECA рейтингіндегі нақты орын
халықаралық институционалдық аккредиттеу / қайта аккредиттеу	институционалдық аккредиттеуден / қайта аккредиттеуден нақты өтуі
халықаралық бағдарламалық аккредиттеу / қайта аккредиттеу (%)	бағдарламалық аккредиттеуден / қайта аккредиттеуден нақты өтуі
шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен келісім-шарт жасау	шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен жасалған келісім-шарт саны
шетелдің жетекші ғылыми ұйымдарымен келісім-шарт жасау	шетелдің жетекші ғылыми ұйымдарымен жасалған келісім-шарт саны
шетелдік бизнес-ұйымдармен келісім-шарт жасау	шетелдік бизнес-ұйымдармен жасалған келісім-шарт саны
білім алушылардың шығыс / кіріс академиялық ұтқырлығы (%)	$АкМо = K_y / K_o * 100\%$, онда АкМо – академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушылар, K_y - бағдарламаға қатысушылар саны, K_o – білім алушылардың жалпы контингенті
ПОҚ-ның шығыс академиялық ұтқырлығы (%)	$АкМп = K_y / K_o * 100$, онда K_y - бағдарламаға қатысушы ПОҚ саны, K_o – ПОҚ-ның жалпы саны
шетелдік студенттердің/ПОҚ үлесі (%)	$ИНО = K_{ино} / K_o * 100\%$, онда

	Шетелдік білім алушылар, $K_{ино}$ - шетелдік білім алушылар саны, K_o – білім алушылардың жалпы контингенті
	$ИнП = K_{инп} / K_o * 100\%$, онда ИнП – шетелдік ПОК, $K_{инп}$ - шетелдік ПОК саны, K_o – ПОҚ-ның жалпы саны
Бірлескен ББ саны	$БББ = K_{соп} / K_o * 100\%$, онда БББ – Бірлескен ББ, $K_{соп}$ - Бірлескен ББ саны, K_o – ББ жалпы саны
Digital university моделін іске асыру	
цифрлық форматқа ауыстырылған басқару, академиялық және ҒЗҚ үдерістерінің үлесі (%)	$Д_{пр} = K_{пр} / K_{опр} * 100\%$, где $K_{пр}$ - цифрлық форматқа ауыстырылған басқару, академиялық және ҒЗҚ үдерістерінің саны, $K_{опр}$ – басқару, академиялық және ҒЗҚ үдерістерінің жалпы саны
аудиториялық қордың жалпы көлемінен SMART-аудиториялар мен зертханалардың үлесі (%)	$Д_{SMART} = K_{SMART} / K_o * 100\%$, где K_{SMART} - SMART-аудиториялар мен зертханалар саны, K_o – аудиториялар мен зертханалардың жалпы саны
Қаржылық тұрақтылық	
актив құнының ұлғаюы (%)	$R = Пр / Оп * 100\%$, где Пр – пайда, Оп – сату көлемі (түсім)
рентабельділік деңгейі (%)	$R = Пр / Оп * 100\%$, где Пр – пайда, Оп – сату көлемі (түсім)
ақылы оқытудан түсетін бюджеттегі кіріс үлесі (ЖЖКБ) (%)	$ДДП = Д_{по} / Д_{общ} * 100\%$, где $Д_{по}$ – ақылы оқытудан түсетін кіріс, $Д_{общ}$ – кірістің жалпы көлемі
зерттеулерден түсетін кіріс үлесі	$ДДИ = Д_{и} / Д_{общ} * 100\%$, где $Д_{и}$ – зерттеулерден түсетін кіріс, $Д_{общ}$ – кірістің жалпы көлемі
қосымша/бейресми білім беруден түсетін бюджеттегі кіріс үлесі	$ДДДО = Д_{до} / Д_{общ} * 100\%$, где $Д_{до}$ – қосымша/бейресми білім беруден түсетін кіріс, $Д_{общ}$ – кірістің жалпы көлемі
инновацияларды коммерцияландырудан түсетін бюджеттегі кіріс үлесі	$ДДКИ = Д_{ки} / Д_{общ} * 100\%$, где $Д_{до}$ – инновацияларды коммерцияландырудан түсетін кіріс, $Д_{общ}$ – кірістің жалпы көлемі